

**«2013 және 2014 жылдардағы ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді
басып шығару жоспарларын бекіту және 2012 жылғы шығарылымдардың
орындалуы туралы» мәселе бойынша
08.01.2014 ж. № 4 АЭЖБУ Ғылыми кеңесінің**

ҚАУЛЫСЫ

ОӘБ бастығы Мустафин М.А. хабарламасын тыңдап және талқылап, Ғылыми кеңес 2013 жылғы әдістемелік нұсқауларды шығару негізгі жоспары бойынша 321 айқындама қарастырылғанын хабарлайды. Жоспардан 14 әзірleme алынып, 4 шығару мерзімі ауыстырылды, 40 жұмыс авторларға өндеуге қайтарылды немесе ОӘБ тексерісінде тұр. Қосымша жоспарды және алдыңғы жылдың жоспарына есептегенде 287 әзірleme шығарылды.

Негізгі жоспар бойынша 36 жұмыс мерзімі бойынша орындалған жоқ. Мерзімінде орындалмаған әдістемелік әзірlemелердің ең үлкен саны ТКЖ, ЖЭУ кафедраларына тиесілі.

2013 ж. жоспарланған 30 оқу құралының 21 баспаға тапсырылды, ТКЖ мен ОжҚТ кафедралары әрқайсы 3 көмекші құралдан жоспардан ең ұзақ кешіктіру жасады.

2014 ж. дәрістер жинақтары мен әдістемелік нұсқаулар шығару жоспарында 381 айқындама бар, оның ішінде 157-і қазақ тілінде. 2015 жылға республикалық тақырып жоспарына 48 оқу құралы (20 қазақ тілінде) және 5 магистранттың ғылыми еңбектерінің жинағы енгізілді.

Ғылыми кеңес **қаулы етеді:**

1. 2013 жылдың оқу әдебиеттерін шығару жоспарын орындалуының нәтижесі мәліметке алынсын.
2. Кафедралар меңгерушілері, оның ішінде ТКЖ мен ЖЭУ кафедралары оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығаруда берешектерді жою үшін ісшара алсын.

Мерзімі: 2014 жылдың 1 маусымына дейін.

3. 2014 - 2015 жылдарға ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару жоспарлары бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау ОӘЖ проректоры Коньшин С.В. жүктелсін.

Төраға



Г.Ж. Даукеев

Ғылыми хатшы



Г.Д. Манапова